

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

16 желтоқсан
сенбі

№99 (2006)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Уа, Еркіндік, қош келдің!

Жер жаһанда азаттықты аңсамайтын
ел, тәуелсіздікті тұғыр тұптайтын
мемлекет жоқ. Азаттық білектің
күшімен, найзаның ұшымен ғана
жүзеге аспайды. Азаттық ұлт
рухының мықтылығы мен халықтың
біртұтастығы және ұрпақтарының
қайраттылығы мен батылдығының
арқасында орнайды.

Біздің жүрт бостандық, теңдік, құрдастық,
саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек
теріп қалады.

Әлихан БӨКЕЙХАНҰЛЫ

Тәуелсіздік – қай халықта да киелі сөз,
қастерлі ұғым. Егемен ел болу – азат болу қоғамда
тіршілік кешіп жатқан тірі пенденің арманы.
Тарихты таразылап, өткеннен сыр шертетін
болсақ, азаттық таңы атқанша қазақ халқы «тар
жол, тайғақ кешуді», «зар заманды», «килы
заманды» да бастан кешірді. Қайсар халық өрлігі
мен ерлігін әркез дәлелдеп, теңдігін алды. Тарих
бізге, ұрпаққа бостандықтың бағасын белгілеп
берді.

Бүгінде қайсар қазақтың ұрпағы екенімізді
кеудемізді мақтаншыққа толтыра айтуымыз да осы
шығар. Ел шетін жау баспасын деп, бірлігі тозып
берекесі қашпасын деп талай тарлан атқа қонды,
жалындыған жас оққа ұшты, тұлымы желкілдеген
бала ерте есейді. Аюдай ақырған күштілердің қол
астында болып, қабағына қарап ас ішетін күннен
алыстағанмызға 30 жылдан астам уақыт өтті.
Біздің мамыражай күй кешіп, ел қатарлы өмір
сүруіміздің тағы бір дәлелі берекелі бірліктің
арқасы. Қазақта: «Алтау ала болса – ауыздағы
кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді»
деген ырысты сөздің құнары бүгінге дейін мәнін
жойған емес. Төрелікке жараған төбе билері,
жауға қарсы найза көтерер қайсар ұлдары, баталы
сөзге жарыған аналары бар халықтың қашанда
оты өшпесі анық.

2 БЕТТЕ

ҚАСТЕРЛІ МЕРЕКЕ



Кезінде отаршылдық езгіге түсіп, шарасыз
бұлқыған қазақ елінің пешенесіне тап
болған сор мен азапқа қабырғасы қайысқан
Шоқан Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп,
өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім
керек» деп азаттықты идеал тұтып, шерлі
толғаныс жасаған екен. Қазақтың біртуар
азаматтары ел тәуелсіздігін өмір бақи армандап
өтті. Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай болса
«Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап
тастайтын қытай қорғаны болмайтыны сияқты,
ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да.
Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың
езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз
бен халқымызды құтқару қозғалысы болып
табылады» деген еді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда
қаншама қиын өткелдерді бұзып өтіп, қаншама
ауыртпалықтың арқамызға аяздай батқаны
сол тәуелсіз елмен бірге жасап келе жатқан
ұрпақтардың күні кешегідей көз алдында тұр.
Осы жылдардағы кешкен бейнет те, тартқан азап
та, оқыған дұға да, шым-шымдап бойға дарыған
қайрат та барлығы қазақ поэзиясында алуан
реңкті өз бояуын тауып, заман келбетінің қалай
құбылғанын айғақтасқан образға айналдырған
ақындардың жырларында өрнектеліп, әдебиет
әлемінде айшықталды. Поэзия қай дәуірде
де, қай қоғамда да сол кезеңнің елеулі оқиға-
сын бейнелеуімен күнделі. Ол адам көңіл-
күйінің көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың
құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки
бір шумағында ел тағдырына қатысты қара
сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты да,
алмастай кесіп түсетін өткір сөз түйдегі болуы
керек. Ақын қоғамдық өмірдегі өзгерістерді
өлең тілінде, образға орап, заман тынысын,
уақыт демін, тарихи ақиқатты жүрек лүпілімен
беретін замана сарапшысы.

2 БЕТТЕ

ЕЛДІ ЖЫЛАТҚАН ОҚИҒА

Әлі есімде... Бала кезде үйде көгілдір
экранның алдынан шықпаушы едік. Ол
жылдары ұялы телефон
дегеніміз жоқ. Қыстың
аязы мен ызғарлы желі
қабаттаса, күн суыта
түскен сәтте желтоқсан
айының орта тұсында
үнемі теледидардан елі-
міздің бас қаласында бол-
ған оқиғаны көрсететін.
Ол кезде бас қала Алматы
еді. Онда қысқы аязда
қазақтың талай жастарын
қар үстінде сабап жатқан
көріністері есімізде қал-
пыпты. Жантүршігерлік
көріністің арасында эпика
қар қызыл қанға
боялғанын, төбелестің астында қалған жаралы
жастарды көріп, көзден ерісіз жас ағатын.

Баламыз ғой, түсіне бермейміз. Содан
шыны керек, ата-анамнан сұрайтынбыз,
«бұл қандай оқиға?» деп. Кейіннен



білдік, бұл оқиғаның астарына үңіле
келе қаншалықты тарихи маңызды сәт
болғанын...

Биыл желтоқсан оқиғасына 37 толды.
Ызғары қанша ықтырса да, тәуелсіз ел атану
бақыты да қазақ халқының пешенесіне дәл осы
желтоқсанда жазылған екен. Ал Алматыдағы
желтоқсан көтерілісі – қазақтың үш жүз
жылдық азаттық үшін арпалысының жарқын
бір көрінісі бола білді.

Тарихи деректерден...

Осыдан 37 жыл бұрын 16 желтоқсанда
мыңдаған жас өрен Дінмұхамед Қонаевтың
кызметінен алынуына наразылық білдіріп,
бұрынғы Брежнев – бүгінгі Республика
алаңына жиналған еді. Қазақ ұлтымен ол тұста
санасудан қалған Кремль Қонаевтың орнына
Қазақстанды қартадан ғана білетін Геннадий
Колбинді қоя салған-тын. Орталық биліктің
бұл қателігі қазақ жастарын көшеге алып
шықты.

2 БЕТТЕ

ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ: 9 жылдан кейінгі тарихи сәт



Жуырда көпбейінді облыстық
ауруханасында бүйрек ауыстыру
отасы жасалды. Бұған дейін
трансплантологиялық ота
2014 жылы жасалған екен.

Араға 9 жыл салып сәтті өткен отаны
Алматы қаласындағы А.Н.Сызғанов
атындағы ұлттық ғылыми хирургия
орталығының басқарма төрағасы,
медицина ғылымдарының докторы,
профессор, жоғары санатты
дәрігер Болатбек Баймаханов
пен белгілі трансплантологтар
жасады. Бұл өз кезегінде
жергілікті хирургтар үшін де
сәтті тәжірибе болды.

3 БЕТТЕ



35 жылдан соң ақталған желтоқсаншы

1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы күндері біздің
замандастарымыздың есіне түссе, тұл ұйқысынан
шошып оянып, қарлы борандағы болған оқиғалар көз
алдынан кино лентасындай тізбектеліп өте береді. Сол
қиын кезеңдегі көрген құрбым қазіргі бейбіт тірлікке тәубе деп,
Аллаға шүкіршілік етеді. Ызғарлы күндердің жарықшағы
жанын жаралайды бірақ. Бір жапырақ нәзік жүрек төзбейтін
қандай нәубет келген десеніңіз елдің басына.

Ауыртпалыққа толы жылдардың зардабын күні бүгінге
дейін тартып келген менің сыныптас досым, Жалағаш
ауданы, Темірбек Жүргенов ауылының тумасы
Гүлшара Жақсыбайқызы Алтынсариева еді. Ол 1986
жылы небары өрімдей 21 жаста еді. Тумысынан
өжет қызды қанға бөгіп жатқан алаңға апарған
тұлабойындағы тұнған елге деген құрмет,
ұлтқа деген, тілге деген, салт-дәстүрге
деген жанашырлық болатын. Қазір 58
жастағы досымның жан жарасын қайта
қозғап, сол күндерді еске алуды өтіну
қандай қиын екенін білсем де оны
мазалауды жөн көрдім. Себебі бұл
– тарих. Тарих болғанда да жаралы,
қаралы тарих беттері еді. Оны кейінгі
ұрпақ біліп, осындай ержүрек бейбіт
дәуірдің батыр қызымен мақтанса
екен, оның тәуелсіздікке қол жеткізу
жолындағы жүріп өткен ауыр да азапты жолы
тарих беттерінде қатталса екен деген максат
болатын.

4 БЕТТЕ



ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ: 9 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ТАРИХИ СӘТ

Төрт сағатқа созылған ағза ауыстыру барысында 25 жастағы қала тұрғынына жақын туысы донор болды. Үш жыл бойы жасанды бүйрек аппаратына тәуелділікпен өмір сүрген науқастың жағдайын дәрігерлер қалыпты деп бағалады. Енді ол дәрігер нұсқаулығы бойынша салауатты өмір салтын ұстанып, өзіне күтім жасауы тиіс. Бұл науқастың қалыпты жағдайда жүруіне, енбек етуіне, белсенді өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді.

Жалпы елімізде соңғы 10 жылда трансплантология саласы кешенді дамып келеді. Оның ішінде бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, ұйқы безін ауыстыру отасы сәтті жүзеге асырылуда. Алайда трансплантология 90 пайыз туыстық донор арқылы жүзеге асырылады екен.



– Медицинада 80 пайыз трансплантация мәйіттік донор арқылы жүзеге асуы тиіс. Алайда бұл бағыт елімізде дамымағандықтан туыстық донорлықты пайдалануға тура келеді. Қазір мәйіттік донорлықты дамыту бойынша тиісті орындарға ұсыныс беріліп, мәселе қаралуда. Өкінішке орай, ағза ауыстыратын науқастардың денсаулығы уақыт күттірмейді. Оларға тез арада ота жасау керек. Тіпті кейбірі оған дейін өмір

Басы 1-бетте

сүрмеуі де мүмкін. Соның бәрін ескере келе туыстық донорлықты қолдануға тура келеді, – дейді трансплантолог дәрігер Болатбек Бимендіұлы.

Хирургияда донорлық бүйректі сәтті трансплантациялау – созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастардың өмір сүру сапасын қалпына келтіріп, олардың толық медициналық және әлеуметтік оңалуын қамтамасыз етеді. Мамандар мұндай жағдайды болдырмау үшін скрининг арқылы бүйрек ауруын ерте анықтау қажеттігін айтады.

Жалпы мамандардың жүргізген зерттеуі бойынша бүйрек ауыстырған науқастардың 10 жылға дейін өмір сүру көрсеткіші 70-80 пайызды құрайды екен. Бұл ағзасын ауыстырған науқастың осынша жыл өмір сүретінін білдіреді. Дегенмен

облыстық ауруханада осы ота түрін жасауды жөн көрдік. 25 жасар азаматқа туыскандық донорлықпен жасаған бүйрек ауыстыру отасы сәтті өтті. Мұндай медициналық шара алдағы уақытта да жалғасын табады. Мұндағы хирург дәрігерлермен тәжірибе алмасу арқылы болашақта бұл ота түрін өздері жасай алатындай мүмкіндігі болады. Сыр өңірінде трансплантология саласының қалыптасуына осылайша үлес қоспақпыз, – деді жоғары санатты дәрігер.

Профессор Болатбек Бимендіұлы аймақта ағза ауыстыру кезегінде тұрған науқастардың көп екендігін айтады. Бүгінде 300-ден аса науқас диалез көмегімен өмір сүрсе, оның 190-нан астамы трансплантация жасатуға кезекте тұрған көрінеді.

– Ағза ауыстыру отасын жасау үшін тәжірибелі маман болуы керек. Науқас оның нәтижесін көріп, өмір сүру деңгейі артуы тиіс. Өкінішке орай, кей жерде мұндай отаның сәтсіз өткенін естіп жатамыз. Сондықтан дәрігердің білікті болуы маңызды, – дейді профессор.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, соңғы айдағы көрсеткіш бойынша елімізде 3961 науқас трансплантация кезегінде тұр. Оның ішінде 3528 ересекке, 87 балаға бүйрек, 171 ересек пен 10 балаға бауыр ауыстыру қажет. Өкпе трансплантациясына 15 науқас, жүрекке 138 науқас, 7 бала, жүрек-өкпе ауыстыруға 2 ересек пен 3 бала мұқтаж.

Денсаулық саласының өзекті мәселесіне айналған ағза трансплантологиясының кемшілігі тұсы – донор тапшылығы. Мамандардың дабыл қағатыны да осы. Себебі ағза ауыстыру кезегінде тұрған науқастар донор тапшылығынан өмірмен қош айтысып жатады. Ал шешімі – мәйіттік донорлықты жолға қою. Бірақ донор болудың бұл түріне біздің қоғам дайын емес сынды.

Тағы бір еттеген-айы, донор болу науқасқа 100 пайыз сәйкес келу дегенді білдірмейді. Мәселен, 100 адам донор болса, оның 50 пайызы талапқа сай келмейтін көрінеді. Себебі бірінің қан тобы жарамаса, енді бірінің өз денсаулығында ақауы бары анықталады-мыс.

Аймаққа келіп, ағза трансплантациясын жасаған жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймаханов тәжірибесінде 1000-ға жуық науқасқа ағза ауыстырғанын айтады. Оның 700-ге жуығы бүйрек, 300-ге жуығы бауырға жасалған.

Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасы берген мәліметке сүйенсек, аймақта ағзасы трансплантацияланған 85 науқас бар. Бүйрек ауыстырған науқастардың қазіргі денсаулық жағдайы жақсы. Ал келер жылы аймақта бауыр ауыстыру отасын жасау жоспарлануда.

күтім жақсы болса ұзағырақ өмір сүру мүмкіндігі бар.


– Трансплантация тәсілі ағза өзінің функциялық қызметін түбегейлі тоқтатқан кезде жасалатын амал. Диалездің көмегі уақытша болғандықтан онымен өмір сүру деңгейі 5 пайыздан аспайды. Бүгінде ағза ауыстыруға кезекте тұрған науқастардың саны тым көп. Әсіресе жастардың саны басым. Сондықтан адам өмірін сақтау үшін трансплантология саласын әрі қарай дамыту керек. Осы мақсатта Қызылорда қаласындағы көпбейінді



ДЕНСАУЛЫҚ

Дәрігерлер біліктілігін арттырды

Жергілікті акушер-гинеколог мамандардың біліктілігін арттыру мақсатындағы шеберлік сабағын медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты дәрігер, акушер-гинеколог, Мәскеу денсаулық сақтау департаменті №67 перинаталдық орталығының басшысы Сергей Мартирососян және медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты дәрігер акушер-гинеколог, Мәскеу денсаулық сақтау департаменті №67 перинаталдық



орталығы клиникалық сараптамалық жұмыс бөлімінің меңгерушісі, халықаралық репродуктивті медицина мамандары қауымдастығының мүшесі Ольга Перевозкина жүргізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығында акушер-гинеколог дәрігерлер арасында «Жедел акушерлік жағдайларда симуляциялық жабықтарда мануальды дағдыларды игеру» атты халықаралық шеберлік сабағы өткізілді.

Медицина саласындағы мамандарға әрдайым ізденіс қажет. Дәрігерлерге біліктілігін арттыру өте маңызды. Осындай халықаралық шеберлік сабағын ұйымдастырған облыстық денсаулық сақтау басқармасына алғыс білдіреміз. Бұл шеберлік сабағы әлбетте акушер-гинеколог дәрігерлердің біліктілігін арттыруға зор үлес қосады деген сенімдемін. Ресейден келіп шеберлік сабағын көрсеткен тәлімгерлерге ризамыз. Алған тәжірибемізді алдағы уақытта іс жүзінде қолданып, медициналық көмек көрсету сапасын одан әрі жақсартуға үлес қосамыз деп сенемін. Біз үшін ең бастысы – ана мен бала денсаулығы. Аналардың аман-есен босанып, бөпесін бауырына басқанынан артық қуаныш жоқ, – дейді «Ана мен бала» перинаталдық орталығының акушер-гинекологы Әйгерім Турғанбайқызы.

Өңірде акушер-гинеколог дәрігерлердің біліктілігін арттыру, симуляциялық жабықтарда дағдыларды игеру және ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмекті жақсартуға басымдық берілген. Мәскеуден келген білікті мамандардың шеберлік сабағында аймақ дәрігерлері акушерлік жағдайдағы тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алды.

160 мыңнан астам тұрғынға дәрі-дәрмек тегін берілді

Қызылорда облысында 168752 пациентке дәрі-дәрмекке 619 684 рецепт жазылып, олардың жалпы құны шамамен 7,6 млрд теңгені құрады. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Никита Мясцов мәлімдеді.

Сарапшының айтуынша, келер жылға тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 8,5 млрд теңгеден астам қаржыға алдын ала өтінім берілген.

Биыл «ҚР белгілі бір аурулары бар азаматтарының жекеге санаттарын тегін және жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Нәтижесінде «Аритмия» нозологиясы ТМККК-дан МӘМС-ке ауыстырылды. МӘМС жүйесінде амбулаториялық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сақтандыру мәртебесі болған кезде жүзеге асырылады. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша өзгерістер келер жылы да жалғасын табады.

Мамандар емхана дәріханаларында амбулаториялық науқастарды қам-



тамасыз ету үшін ТМККК және МӘМС қатар тұрғындар қажет болған жағдайда қалалық және ұялы телефондар үшін қолжетімді 1439 қысқа нөмірі арқылы «СК-Фармация» байланыс орталығына тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша хабарласуына болады.

Жақында АҚШ-тың ауруларды бақылау орталығы қызылша ауруын жұқтыру дерегі бойынша әлемдік көрсеткішті жариялады. Онда Қазақстан 3 орынға тұрақтаған.

Қызылша ауруының аймақтағы ахуалы қандай?

Аталған орталықтың мәліметіне сүйенсек, елімізде мамыр мен қазан айына дейін қызылша ауруын жұқтырудың 12985 дерегі тіркеліпті. Ал бүгінгі күні елдегі қызылша жұқтыру көрсеткіші 20 мыңнан асқан.

Аймақтағы ахуал қандай? Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері аймақта лабораториялық зерттеу нәтижесімен қызылша ауруының 11314 жағдайы тіркелген. Оның ішінде мыңнан астамы 14 жасқа дейінгі балалар. Эпидемиолог мамандар ауру жұқтырғандардың көбі қызылшаға қарсы екіге алмағандарын айтады. Яғни екіге салдырудан бас тартқандардың 80 пайызы бүгінде қызылша ауруымен күресуде.

– ҚР Үкіметімен бекітілген Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес



қызылшаға қарсы екіге баланың 12-15 айлығында және 6 жасында салынады. Бүгінгі күні аурудың өсуіне байланысты қосымша екіге науқаны енгізіліп отыр.

Аурудан сақтанудың басты жолы ретінде тиісті контингенттер арасында қосымша жаппай иммундау шарасы жүргізілуде.

Қараша айынан бастап 28088 адам қызылшаға қарсы екіге алды. Иммундау шарасы әлі де жалғасуда. Біз өз тарапымыздан барша тұрғындарды әсіресе ата-аналарды өз балаларын ауруға қарсы вакцинациялауға шақырамыз, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Элия Әбдіқайымова.

Бетті дайындаған
Айдана СЕЙІЛ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Қызылша – жоғары қызба, терідегі бөртпе, ұялы белгілермен қоса, жұтқыныштың шырышты қабатының, конъюнктиваның және тыныс алу жүйелерінің қабынуы, зақымдалуымен көрінетін жұқпалы жедел вирусты инфекция. Қызылша ауа тамшылы жолмен тез тарайды. Қызылшаға екіге алмаған адам науқаспен қысқа уақытта байланыста болса да жұқтыру қаупі өте жоғары.

Аурудың алдын алудың бірден-бір жолы – екіге салдыру. Екіге сақтану иммунитетін қалыптастырады. Екіге алмаған жағдайда ауруды жұқтыру қаупі жоғары.

Сондай-ақ қызылша ауруы жұкті әйелге де қауіпті. Ауруды жұқтырған жұкті әйелдерде өкпенің қабынуы асқынуды жеткізеді. Сонымен қатар қызылшаның асқынудың және жұктіліктің өзінен болатын өлім-жітімді арттырады.

Қызылша вирусы ұрықтағы даму ақауларының пайда болуын тудыруы мүмкін. Науқастағы жоғары дене температурасы тератогендік фактор болып саналады. Ол эмбрионның өліміне, сонымен қатар жүрек-қан тамырларының ақауының дамуына әкеледі.

Аурудың алғашқы белгісі жөтел, мұрынның ағуы, қызба және жалпы әлсіздік фондында конъюнктивит түрінде көрінеді. Бөртпе 2-3-ші күнде жұмсақ және қатты таңдайдың шырышты қабатында қызыл негізі бар ерекше ақ дақтар пайда болады. Кейін бас терісі және денеге таралады.

Қызылша ауруынан сақтануыңыз!

